

# Сүйіндік Тілегенұлы – ағартушы ақын

Кезінде Мухтар Әуезов «...қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар жұз елуден астам» деп атап көрсөткенімен, «Ақынжыраулар» жинағында, Қазақ Совет энциклопедиясында ақынның сексен шақтыған мұрасы қамтылған. Басқалары туралы мәлімет кездеспейтін. Кейінгі жылдардағы ізденістердің нәтижесінде біз жүйелеп жүрген «Қазығұрт-Қарататай аймақтық әдебиет мектебіндегі» қырық бес ақынның әдеби мұралары табылып отыр. Солардың бірі – ағартушы ақын Сүйіндік ТІЛЕГЕНҰЛЫ.

Сүйіндік ақын мұрасы – біздің ұзақ жылғы зерттеуіміздің жемісі. Ақынның өмірбаяны мен әдеби мұраларын халық мұрасын жинаушы Қызыраубек Амантаев 1957 жылы ақынның бел баласы Үсілбек ақынның өз аузынан жазып аллады. Ол кезде Үсілбек 83 жаста екен. «Қартайған соң ақындықты қойған, бұрынғыдай ел араламайтын болыпты. Бірақ, ақын өлеңінің берін жатқа білетін ақыл-есі жетік, анатомиялық құрылышы да мықты адам екен. Әсіресе, одан «Нарқызыарын», «Шәкір-Шәкірат» дастандарын жазып ала алмағанымға өкінемін. Тілел Жүсілбековтің айтуына қарағанда, «Нарқызыарын», «Шәкір-Шәкірат» дастандарының әуелгі шығарушысы – Сүйіндік ақын. Мүмкін бұл бір нұсқасы шығар (Өткіншікे қарай, бұл екі дастан да әл-әзірге табылмай отыр). Бірақ, Сүйіндіктің атына байланысты «Шәкір-Шәкірат» дастанының табылуы екіталай. Сүйіндік ақынның «Нарқызыарын», «Шәкір-Шәкірат», «Әміре» сияқты идеялық жағынан ұстамды, көркемдік жағынан тамаша дастандарымен қатар, «Шәмшар патша – Қарын дәу» сияқты көркемдігі әлсіз дастаны да бар. Бірақ, Сүйіндік ақынның стилін, идеясын түсіну үшін әдеби мұраларын толық жинауды дұрыс деп таптым. Оның қысқа сюжетті мысал өлеңдерінде өз түсінідегі ел билеуші әкімдерді, патшаны астарлы сөздермен сыналаса, Мұхаммед пайғамбарды дәріптейтін мысал өлеңі де бар. Сүйіндік ақын термелерінде өз заманындағы зорлықшыл өзбір Тәйтегіл сияқты болыстарды қатты әшкерелеушілік бар. Оның мұндай өлеңдерін баласы Үсілбек көп білетін еді» депті Қ.Амантаев.

Сүйіндік ақын 1827 жылы Қарататудың етегіндегі (Жамбыл облысы мен Түркістан облысы шекараласатын жер) Қошқар ата деген жерде дүниеге келіп, сол жерде қайтыс болған. Руы

байқалады. Алакүшік Бәйгегіл деген кісі Сүйіндік молдага сауып іше тұруына бір бұзаулы сиыр берілті. Сонда Сүйіндік молда:

Жасымнан көп адаммен болдым жолdas,  
Жаман адам жақсыны қадірге алмас.

Үрмет қылып сыйладың сиыр беріп,  
Молданың ғиншада қөңілі қалмас.

Ел құмар Қызылқұмның пәктісіна,

Ер жігіт елдік қылар қастысына.

Байеке, қызметінді үмытпаспын,

Қанлының ел мақтарлық бастысына, – деген екен.

Ақынның табан астында суырып салған осындаид өлеңдері де аз болмағаны анғарылады.

Сүйіндіктің ақындық жолға түсініне өте жас кезінен бастап оқыған «Сал-сал», «Зарқұм», «Мың бір тұн», «Тотынама» сияқты кітаптар қатты әсер еткендігін өзі балаларына айтып отырады екен. Қазақтың ел аузындағы ертегілерін, тұрмыс-салт жыларын көп білуі ақындығына алғышарт болған. Ақынға әкесі Тілегеннің де «Ақын», «молда» деген атқа ие болуы да аз әсер етпеген сынайлы. Тілегеннің қандай өлең, терме, дастан шығарғаны бүгінде белгісіз. «Тілеген ақын, молда» деген ел арасында деректер әлі де кездесуі бек мүмкін. Сүйіндіктің жеті-сегіз жас шамасында қартайып қалған Балта ақынды өз көзімен көрү, жыр-дастандарын тыңдауы болашақ ақынға ерекшე әсер еткені анғарылып тұрады. Сүйіндік жазба ақын болған. Жазған дастандарын, термелерін өзі жатқа айтумен қабат, елге де таратып отырған. «Сүйіндік молда Балта ақыннан кейін өз замандастары Мұғалтай, Мәделі, Майлықожа, Майкөт, Құлыншак, Құлмамбет, Қылышбай, Бегелі, Бектұрсын, Балқыбек, Қарқабат, тағы осылардай ірі ақындармен талай жында бас қосқан, сұхбаттасып жүрген. Сүйіндік молда басқа ақындар сияқты, ақындықты көсіп дег түсінбесе керек. Өлеңдерін той-жында, тамашаға жыылған жүртқа айтып беретін болған екен. Бірақ, ешкімнен ат мінбеген, шапан кимеген. Жүрт берсе де, өзі алмайтын болған» деген Қ.Амантаев дерегінен ақынның ақындық ортасы мен болмыс тәлімі көрініп тұрады.

Алғашқы қызметін молдалықтан (имамдық) бастағанымен, 1852 жылдан бастап ағартушылық жолға түскені, онда да жәдидшіл молда болғаны, «әншайін жаназа шығаратын емес, бала

Каның болуы көрек (Біздінше, Қамантаев ақынының тұған жылы 1837 жыл дег жансақ көткен сеқілді). Сүйіндіктің әкесі, ата-бабалары өз замандарында молда болған, саудатты һәм ағарту жолында қызмет істеген оқымысты адамдар болыпты. Міне, осы дәстүр-тербиені бойына мықтап сінірген Сүйіндік те алғашқы білімін ауылдыңдағы медреседен алған. Кейіннен ауыл балаларын оқытумен бірге, ел арасындағы ақындарға көп құлак койып жүреді. Кейір ақындарды айлагап, алтапай үйінде де үстайтын еке дәстүрін кейіннен өзі де жалғастырган. Оның ағайын-тұмалары да момын, шаруаға мығым жандар болған. Мұның өнер жолына тусуіне нағашысының ықпалы тиғен: «Жігіттің адам болмағы нағашыдан» деген нақылдың әдемі үлгісіндегі, ақынның нағашысы Боралдай өзені жағасындағы Тесіктам деген жерден, Бөгөжіл еліндегі Балақаз деген датқа екен. Балақаздың өзі Сүйіндікте үш жасынан қолына алыпты. Сүйіндікте жеті жасында, 1844 жылы – Байыс елінен шыққан Жорабай деген молдага оқуға береді. Ол Жорабайдың қолынан «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Аллада» кітаптарына қоса, Қожа Хафиз, Науай, Физули, Фирдоуси, Фаузи Ажатбеки, Фіқір Айдани сияқты ақындардың кітаптарын оқып бітірген. Хафиз, Науай, т.б. жеке кітап ретінде оқытулы XVIII-XIX ғасырлардағы оқыту жүйесінің әлі де терең зерттелуге тиіс екендігін көрсетсө көрек. Болашак ақын таңдау пәні сеқілді бұл кітаптардан соң қырық, сепіз кітаптан қураған «Мұқтасардың» алғашқы төртеуін – «Кітаби тарат», «Кітаби салат», «Кітаби закат», «Кітаби никаны» осы Жорабай молдадан оқып бітіреді. Бұдан соң нағашысы Сүйіндікте Ташкент қаласына апарып, Тақтақул деген жердегі орталық медресеге оқуға береді. Онда бір жыл оқып, елге қайтып келеді. Ташкенттегі бір жыл оқуда болған мерзімде «Мұқтасар» кітабын тәмамдапты. Мұнан соң Сүйіндік молда өз-елінде біраз күн демалып, Бұкара қаласына оку іздел кетеді. «Ол жақта үш жыл оқып, сол кездегі «жырима бес жылдық окуды» бітіріп шығады. Әсірлеу ретінде айттылғанымен, дөл осы әнгімде біраз шындықтың ұштығы бар. Қазақ балаларының ортаазиялық шекірттерден алғыр болғаны туралы дерек, дәлелдер көп. Сүйіндіктің оқыған кітаптарының ішінен өзінің айттымен баласы арқылы жеткен деректе қарғанда бастыларын атауға болады. Олар «Мұшқілат Қәпія», «Ақайд», «Шаруа Қая» сияқты кітаптар. Міне, осыдан кейін ақын «Сүйіндік молда» атандып, нақу өлөндөрін алып шығатын дәрежеге жетеді. Иасауиа тариқатын, «хөл ілімін» терен біліп қана қоймай, сопылыштың көүсарынан сусындал, сопылыштығын бенденің көмалаттығын (Абайдағы толық адам) ернектей алуы қайран қалдырады.

Сүйіндік молда оқуын тәмамдап, ұстаздағынан, оқытқан молдаларынан бата алып елге келеді. Сол жақта туыстары оны үйлендіреді. Боралдай өзені бойындағы Шоқай деген елден. Сапак дегеннің Бике деген қызымен нектелеседі. Сапак та, балалары да көзі ашық, көкірегі ояу адамдар болғанға үксайды. Ақын Бике байбішіден – Нарбек, Нарбай, Нартбай деген үш үл, Алма, Құлсін, Зейнеп деген үш қызы, тоқалынан – Тоқберген, Үсінбек, Нұрша, Бике – барлығы он перзент көрген. Бұлар да шаруаларына бір қос мығым, өздерінә лайық дәүләті бар адамдар болған. Артық байлық жимаған, зиялы, оғыған, ерлі екен. Өнерді бик тұтқан, мансапқұмар болмаған. Бұл қасиет Бейгелге айтқан өлеңінен де

оқытатын, жаңаша-жәдидшे білім беретін молда» (Б.Кенжебаев) болғаның ангару қын емес. Ақынның Арыс бойына келу, одан кайта Асаға ету, Бесшоқыда, Алакүшік елінде болуы сол кездегі қатты жанданған жәдидшілдер реформасына, осыған қарсы қатты өрістеген миссионерлік саясаттың ықпалы болмады ма екен деген ойға келе береміз. Бұл – көшешекте өлі де төрөн зерделеуді қажет ететін тақырып.

Сүйіндіктің әдеби мұралары көпкі дейін ел ақындарының аузынан түспей жүргенімен, кейін келе ұмытылған. Біздін қолымызда ақынның бірталай дастандары, термелері, мысал өлеңдері бар. Сүйіндік ен әуелде «Нарқызырын» деген дастан шығарған екен. Мұнан соң «Шемшар патша – Қарын дәу», «Әміре-Ұрлық» деген дастандарын шығарады: Сүйіндік молда «Шәкір-Шәкірттың» алғашқы авторы деген мәселе де ойланған қарауымыз қажет. «Әңгі ешек», «Қарға», «Қөгершін» сияқты мысал өлеңдері де бар. Барлық шығармаларының өне бойында өріліп жататын инсан (инсанияттың көмалаттығы) тақырыбы идеялық ортақ сарынға айналған. XIX ғасырда Оңтүстік ақындық-аймақтық мектебіне тән дәстүрді Сүйіндік те айналып ете алғаған. Ақынның «Әңгі ешек» мысалы басқа ақындарға төлініп жүр. Бұл жинаушылардың үстірттілінен орын ала көрек.

...Жапанға бітер сандал бір бейтерек,

Жігітке бак та, дәүлөт, ақыл көрек.

Өнерден үйрен-дағы, жириң деген,

Жігіттер құр қалмайсын болсаң зерек, – деп жырлаган ақынның осы бір шумактарынан-актаным-түсінігін, білім-пайымын анықтауға болады.

XIX ғасырдағы қоқандық езгі түсінінде молда бол танылып, ағартушылық қызмет атқарған, бірнеше жерден мешіт салдырып; имам да болған, аса сыла, өзін ақын дег жарнамаламаған адам екендігін ағарылады. Қазірге біздін қолымыздағы екі дастаны, бірнеше термесі, толғаупары мен мысал өлеңдері таза дидактикалық бағыт ұсташып, ахлақ мәселелеріне қатты дән қойғаны, жан саулығына аса жогары мән бергені анық байқалады.

...Ойда – Қоқан, қырда – Орыс,

Ақсақалда билік жоқ,

Бозбалада бірлік жоқ,

Ынтымақ қылтын ағайын,

Бір өлген соң тірлік жоқ, – деп жырлаган ақын мұрасы жарықта шығып, үрпактарына жол тартты.

Құдайым он сегіз мың алам (әлем) қылтап,

Бұл сөзден ибрат ал, ей, мұсылман.

Хаяу ана – Адам ата жұптасқан соң,

Келеді өсіп-өніп осынша жан.

Құдайым он сегіз мың жан жаратқан,

Адамды топырактан, шайтанды оттан.

Суретін пайғамбардың нүрдан жасап,

Шығарды артық қылып адамзаттан, – деп жырланатын мысалы да, термелері де, дастандары да таза ағартушылық-дидактикалық сарында өрілген, ағартушы-ақын.

**Саттар ДОСАЛЬҰЛЫ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Абайтану» ғылыми орталығының басшысы.**